



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

өңдейді.

Деректер қорымен жұмыс жасайтын екінші категориядағы орындаушылар – *қолданушылар*. Олар алғашқы деректер қорын жобалаушылардан алады да, оларды толтырумен және қызмет көрсетумен айналысады. Жалпы жағдайда, қолданушыларда деректер қорының құрылымын басқаруға ену құралы болмайды.

Осыларға сәйкес деректер қорын басқару жүйесінің екі жұмыс режімі бар: *жобалаушылық және қолданушылық*. Бірінші режім қор құрылымын өзгертуге немесе құруға және олардың объектілерін құруға тағайындалған. Екінші режімде бұрын дайындалған объектілерді қорға толтыру немесе олардан деректерді алу үшін қолдану жүргізіледі[4].

Күрделі деректер қорын жобалаудың ең қолайлы стратегиясы азаймалы тәсілді қолдану болып табылады. Бұл тәсілдің жұмысы жоғарғы деңгейдің мәндерінен және байланыстардан тұратын деректер моделін құрудан басталады[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Атре Ш. Структурный подход к организации баз данных. – М.: Финансы и статистика, 1983. – 320 с.
2. Бойко В.А., Савинков Н.М. Проектирование баз данных информационных систем. – М.: Финансы и статистика, 1989. – 351 с.
3. Мартин Дж. Планирование развития автоматизированных систем. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 196 с.
4. Мейер Ю. Теория реляционных баз данных. – М.: Мир, 1987. – 608 с.
5. Цикритизис Д., Лоховски Г. Модели данных. – М.: Финансы и статистика, 1985. – 344.

ӘОЖ 004.031.42

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Альжанова Әйгерім Нұрдаулетқызы

aigerim-0502@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Информатика кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.К. Альжанов

Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінің оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, интерактивті оқулық түрінде интерактивті технологияларды құру және іске асыру үшін арналған.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі мемлекеттік қоғамдастықта әлемнің 50 ден аса бәсекелес елімен ұдайы өсуі бағдарланған. Білім беру саласының саяси бағыты білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру, әлемдік білім беру кеңістіктерін біріктіру және мамандарды әлемдік нарықтағы бәсекелеске дайындау.

Білім беру мәселесі жалпы қоғамды ойландырады. Бұл қалыпты жағдай болғандықтан, білім- бұл болашағы құрылған өзіндік негіз болып табылады. Қазіргі таңда барлық оқыту процесінде интерактивті технология қолданылады. Қазіргі сыныптарды интерактивті тақта немесе жәй компьютерлермен жабдықталмаса, оларды интерактивті технология құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Қазіргі уақытта жаңа компьютерлік технологиялармен жабдықталған қондырғылар немесе лабораториялық сыныптыр өкінішке орай өз мерзімде қолданылмайды. Оқыту құралдарының кемшілігінен техникаға қарама-қайшы мәселе туындайды. Магистрлік диссертация тақырыбының таңдау бағытында қайшы болуы мүмкін. Интерактивті технология құралдары арқылы зерттеу салдарын эксперименттік-тәжірибе жолымен пайдаланып интерактивті оқыту құралдарын жасау.

Қазіргі заманға педагогикалық технологияларда орта кәсіптік білім беру жүйесінде

көзделетін парадигмалық ығысу кезінің өзінде өз орны бар. Заманауи білім нақты қажеттілік пен мемлекеттік стандарттарға сәйкес болуы тиіс. Оқыту процесінің тиімді әдістерінің бірі болып проблемалық мазмұнда болып саналады. Осындай жағдайда дәрістер зерттеу процесін жеткізетін диалогтарға ұқсас түрде өтеді (студенттің жеке ойлау, талдау қабілетін арттыратын оқу құралдарының болуы). Бұл әдіс оқушыны қызықтырады, және оны оқу процесіне еліктіреді. Ғылыми танымдық қарама қайшылықтар проблемаларды қою арқылы ашылады.

Оқу мәселесі және проблемалық ситуация проблемалық оқытудың негізгі жүйелік компоненті болып табылады. Арнайы курс тақырыбын анықтау үшін студентке алдымен проблемалық сұрақ немесе тапсырма беріледі. Осындай әдістің тиімділігі болып студент жеке мәселені өздігінен қолдана алуы табылады. Басты жетістік педагог «жеке шешімге» ие бола алады. Проблемалық оқыту лектордан үлкен дайындықты талап ететіндей қиын. Бірақта бастапқы этабында алдын ала дайындалған дәрістерді енгізу толықтыру болып табылады.

Басқада тиімді әдісті кейс – стадий немесе нақты білімдік мәселе (НБМ) әдісін айтуға болады. НБМ орталық түсінігі болып соңғы нәтижесі болатын кез келген мәселе әдісі. Тек қана дұрыс шешімнің болуымен ғана ерекшеленеді. Бұл әдісте студент өзі жеке шешім қабылдауы және оны игеруі қажет деп табылады. НБМ XX ғасыр басында құқық пен медицина саласында қолданылған болатын. Бұл әдісті игеру негізінен алғанда Гарвардқа тиесілі болатын. Нақты сонда алғашқыда бизнес саласындағы студенттерді кейстік ситуацияларды оқыту дайындалған болатын.

Кейс стадия әдісінде студент пен педагог қызметтік ситуация мен тапсырманы шешуге қатысады. Кейстер оқытушының басқаруымен аудиторияда нақтыланады. Сондықтан кейс стадиялар оқу процесі мен оқу материалдарын кең ауқымда талқылай алатын оқу процесі.

НБМ әдісінің мақсатында солтүстіктегі біздің әріптес мұғалімдер келесідей мүмкіндіктерге ие:

- Анықталмаған мәселенің дұрыс шешімін талдау
- Қабылданған шешімнің алгоритмін құрау
- Зерттелген мәселеден үлкен ой түю
- Әрекет ету жоспарын құрастыру
- Алынған теориялық білімді практикада қолдану
- Басқа мамандармен санасу

Бастысы, бұл әдіс мәселені талқылаудағы дамуды қамтамасыз етеді, альтернативті бағалау, практикалық тапсырманы меңгеруге дағды қалыптастырады.

НБМ әдісін қолдануда жалпы технологиялық жұмыс әзірленген:

- Бірінші сабақ басталғанша кейс дайындайды
- Нақты және көмекші материалды айқындайды
- Сценарий әзірлейді

Студент міндеттері-кейсті қабылдау және ұсынылған әдебиеттер тізімін қолдана отырып сабаққа дайындау.

Сабақ уақытында оқытушы:

- Кейстің алдыңғы талқылануын ойластырады
- Топты топшаға бөледі
- Кейстің талқылануына басшылық етеді

Студент:

- Сұрақ қояды
- Шешілу жолдарын ұсынады
- Жұмысқа жазбаша есеп құрастырады

Оқу үрдісінің осы бір интерактивті әдісімен келіспеске амалымыз жоқ.

Біздің ойымызша, сабақ беру методикасының технологиялық қамтамасыз етуде дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтау сөзсіз маңызды болып саналады. Осы әдіс тәсілдерден

шығатын ой осы қолданылатын әдістердің әрқайсысында қазіргі кәсіптік білімде алар орны бар екендігін көрсетеді.

Осы түсінікті қабылдай отыра интерактивті оқыту әдісіне анықтама беруге тырысып көрелік. Интерактивті оқыту әдісі – студенттің оқыту білімдік процеске белсене қатысатын әдістердің жиынтығы мен сабақ беру жолдары. Осы анықтамадан ауытқымай осы салада қолданылатын оқыту әдістерін қарастыратын салаларға шолып көрелік. Сонымен, гуманитарлық сала сабақтарында қолдануға болады.

1. Нақтылық пен фактілердің қолданылуы – студенттің басты ойы мен идеясының фактілермен оқиғаға көзқарасы. Оларды тереңдетілген материалдық процесте - дәрістерді қолдануға болады. Оларға келесілер жатады:

- Картиналық сюжеттік әңгіме, оған тарихтағы жарқын эпизодтар кіреді;
- Жеке тарихи тағдырдағы персонафикациялау;
- Мән жайдың драмалығы фактілер және тарихи даталар.

2. Зерттеушілік амал – ұжымдық жұмыс және топтық зерттеу құрамына ұжымдық анықтама беру керек кезінде қолданылады. Ол кішкене топтан құралған (15-20 адам) және семинарлық (практикалық) сабақтарға бағытталған.

Интерактивті оқыту әдісін жүйелі түрде дамыту үшін кез келген кәсіптік оқыту мекемелерінің өзінің оқыту стратегиясын жасап шығаруы мүмкін. Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім беру жүйесіне де әсер етуде. Бұл өзгерістер оқыту әдістемесінде жаңартулар ғана емес, мектептерде жаңа пәндер, ендіруге қажеттілік тудырды.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер **интерактивті** деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Об образовании. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 11 октября 2004 года.
3. Кайдарова А.Д. «Опыт формирования содержания педагогического образования в зарубежных странах и Казахстане: сравнительный анализ.» Алматы, Журнал «Білім - Образование.» Изд-во «Комплекс», 2006 г.
4. Куатбекова Р.А. «Основы обеспечения жизнеспособности инновационных технологий в вузах на современном этапе.» Алматы, Журнал «Білім - Образование.» Изд-во ЖШС «Сигнет Принт», 2008 г.